

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

г. Астана

Оглавление

Аятова Алиша	2
Әбдіәшімұлы Айбек	5
Жакупова Жанель	8
Жанел Дидар	11
Жолдибекова Айзере	14
Жұмахан Шынар	16
Мирас Гаухар	19
Төлепбекова Аружан	22
Шерубай Майра	25

Аятова Алиша

5 сынып оқушысы, № 51 гимназия Астана қаласы
Жетекшісі: Муратова Индира Жаркынбековна

Кіріспе

«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дегендей біздің ата-ағаларымыз, апа-әпкелеріміз, біздің өміріміз, бақытты келешегіміз үшін отқа төселіп, қиындыққа төзіп, бізге осында өмір әперді.

1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат төрт шамасында фашистік Германия әскері КСРО-ның батыс аумағына баса-көктеп кірді. Ең алдымен жаудың шабуылына ұшырағандар батыс шекарашылар болды.

Соғыс ! Қандай суық сөз бұл! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Сол сұрапыл жылдарда қанша азамат мерт болды, қанша бала әкесісінен, қанша бала анасынан айрылды .Өмірден мән кетіп , сұрықсыз бір дүниеге айналды .

Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып , жүздеген қала мен елді мекендерді тып – типыл етті. Сөйтіп соғыс әр үйге , әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Сол күні кеңес үкіметі халықты Отан қорғауға шақырды. Майдан даласына қаншама қазақ азаматтары да белін буып өз ұрпағыныңкелешегі үшін аттанды.

Сол күндері ата бабаларымыз бізге жемістің дәмін татқызу үшін жан аямай шайқасты. Сол жылы аталарымыз, апаларымыз, әпкелеріміз, ағаларымыз біз үшін күреспнгенде біз осылай отырар медік деген ой біздің ойымызға көп келеді. Батыс шекарада алғашқы соққыны күтіп алған сарбаздар ішінде отандастарымыз да болған. Жауды жеңу үшін барын аямай, жеңісті жақындату жолында қаза тапты. Ұлы отан соғысының 11600 жауынгері Кеңес Одағының жауынгерін алса, оның 497 қазақстандық болған. Қазақ топырағынан Ұлы Отан соғысына бір миллионнан астамержүрек жауынгерлер қан майданға аттанған. Отан алдындағы парыздарын өтеуге өтініш білдіріп, өз еркімен майдан даласына аттанды. Қазақстандық ұл-қыздар соғыстың алғашқы күндерінен қолдарына қару алды. Отаны үшін жанын қиған қазақ батырлары өте көп. Соның ішінде: пулеметші М.Маметтова , мерген Ә.Молдағұлова, атқыштар С.Баймағанбетов, И.Новиков, қалқан бұзушы П.Миллер, минометші Қ.Спатаев, квалерист М.Қатаев, сапер С.Гончар, торпедылы кеменің командирі Б.Ущев, атқыштар дивизиясының басшысы Ғ.Сафиуллин, Б.Момышұлы бар. Біз ұлы отан соғысындағы Ұлы жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астында бірігіп, күштерін біріктірді.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Алғашында Гитлер он үшінші маусым басып кірем деп жоспарлаған, содан кейін кей бір жағдайларға байланысты жиырма екісі деп сайлады.

Халыққа екінші дүние жүзілік соғыс болатынын жариялағанда халық есеңкіреп қалды. Содан кейін барлығы бірігіп жауды жеңді. Сол Ұлы Отан соғысына алпыстан астам ел қатысқан.

Қарағанды шахтёрлер 4жыл ішінде 34миллион тоннакөмір шығарды. Бұл өндіріс орнының бүкіл өмір бойы шығарғанына 3миллион тонна артық еді. «Бірі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін!» деген үндемеумен маңдай терін төге, күн демей, түн демей жұмыс істеді.

Негізгі бөлім:Қазақстандықтар Мәскеу үшін шайқаста

Соғыстың алғашқы кезеңінде кеңес әскері кейін шегініп, Украина, Белоруссия, Ресейдің еуропалық бөлігінің Мәскеуге дейінгі аумағы түгел дерлік жау қолында қалды.

Шегінген кеңес әскері Мәскеуге 25-30 шақырым таяп келді. Бұл 1941жылдың қараша айы болатын. Мәскеуді жауға беру бүкіл елді жауға берумен тең еді. Мәскеуді қорғау үшін шайқасқа Қазақстанда құрылған атақты 316-атқыштар дивизиясы қатысты. Генерал-майор И.В.Панфилов басшылық еткен бұл дивизия Мәскеуді немістерден қорғауда асқан ерлік көрсетті.

Панфилов ерлікпен қаза тапқаннан кейін дивизия жауынгерлері оның құрметіне панфиловшылар деп аталды.Осы шайқаста болған жиырма сегіз панфиловшылардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. 28 батыр жаудың алғаш 20, одан кейін 30 танкісін қалаға жібермей 4 сағат бойы ұстап, ерлікпен қаза тапты.Сол 28 панфиловшылардың барлығына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Осы Мәскеу үшін шайқастарда белгілі қазақ батыры, аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басқарған батальон жауынгерлері үлкен ерлік көрсетті. Қазақ халқының қаһарман ұлдары фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқас жүргізді. Олар жауды астанадан бірнеше шақырымға қуып тастады. Мәскеу үшін шайқаста Мәңілік Ғабдулин, Төлеген Тоқтаров, Рамазан Елебаев тағы басқалар жауынгерлер мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Ұлы соғыс батырлары

Әлия Нармұханбетқызы Молдағұлова «1925-1944» кейінен

Ленинградтағы

балалар үйінде тәрбие алады.

1942 жылы өз еркімен соғысқа қатысқан. 1944 жылы Ленинград маңындағы маңындағы елді мекенді азат етуге қатысады. Алдыңғы шепте

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жүрген Әлия: «Отан үшін алға!»-деп, барлық ауынгерлерді соңынан ертіп, жауға қарсы ұмтылды. Ержүрек мерген қыз жиырмаға толмай жау оғынан көз жұмады. Майдандағы асқан ерлігі үшін Ә.Молдағұловаға Кеңес Одағы Батыры атағы берілді.

Мәншүк Жиенқалиқызы Мәметова «1922-1943» Мәншүк Мәметова- Невель қаласын қорғау кезінде ақырғы оғы қалғанша жауды қырып, ерлікпен қаза тапты. Қасындағы жолдастарынан айырылған Мәншүк үш пулемётті қатарынан қойып, жауды 3 сағат бойы жалғыз бөгеп тұрған. Невель қаласын қорғаудағы ерлігін мәңгі есте қалдыру үшін қаланың бір көшесі Мәншүк Мәметова есімімен аталады. Қаһарман қызға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Бауыржан Момышұлы 1941 жылдың күзінен бастап, соғыс аяқталғанға дейінгі барлық шайқастарға қатысқан. Ол- жазушы, Кеңес Одағының батыры. Соғыс аяқталғаннан кейін 1956 жылы әскери демалысқа шыққан.

Қорытынды

Ата ағаларымыздың, әпкеліміздің жасаған ерлігінің бізге деген тәрбиелік мәні, бізді отанымызды сүйуге, отанымызды қорғауға, мәңгі ұмытпауға шақырады. Осы Ұлы Отан соғысының болғанына бізге 71жыл толды. Біз бұл мерей тойды жыл сайын атап өтеміз. Сонымен қатар біз сол ағаларымыздың, әпкелеріміздің ерліктерін біз ешқашанда ұмытпаймыз. Ата-бабаларымыздың ерліктері бізді сондай батылдыққа, ержүректікке, отан сүйгіштікке, отанымызды жанымыздан артық жақсы көруге шақырады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Әбдіәшімұлы Айбек

10- сынып оқушысы, Қазақ ұлттық өнер университеті

Астана қаласы,

Жетекшісі: Тілеген Айгүл Балтабайқызы

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?!
ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Әбу Сәрсенбаев

Соғыс жаңғырығы жылдан - жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде аты аталмай қалса да қазір санамызға қайта оралып, жатқан тұлғалар аз емес. Адам өткенін жақсы білмей, болашаққа нық қадам баса алмайды. Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған... 9 мамыр-бұл мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді ешқашан ұмытпай есте сақтау!

Өткенімізді зерттеу, бүгінгі бейбіт күнге қалай жеткенімізді білу, құнды деректерді игеру бүгінгі ұрпақ біз үшін парыз. Елбасымыз 2014 жылғы жолдауында өткен жылды Ұлы Отан Соғысының ардагерлерін құрметтеу жылы деп жариялағаны белгілі. Бұл жылда біз ардегерлерге барынша құрмет көрсетіп, ұлықтап, өмірден өткен майдангерлерді еске алып, дәріптедік. Әрине, біздің бұл бір жылдық құрметіміз аздық етеді. Жыл сайын ардагерлерді ұлықтау, сый-құрмет көрсету парызымыз боп қала береді. Бұл ұлық - жеңіс оңайлықпен келмегені белгілі. Жауынгер батырларымыздың қан кешіп, жанын беріп, фашистик-герман әскеріне қарсы тойтарыс беріп, жеңісті бүгінгі ұрпақ, біздерге, сыйлап кетті. Фашистик-герман әскерін жеңуге үлестерін қосып, талмай еңбек еткен тыл ардагерлерінің де еңбегі зор деп білемін. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай - ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған қайсар жауынгерлеріміздің бірі – Бауыржан Момышұлы еді.

Бүгінгі күнге жету жолында, жау әскеріне қарсы күрескен жауынгер-майдангерлер ішінен аймағымыздың Ұлытау, Қарсақбай, Жезқазған өңірлерінен аттанған жауынгер- жазушы Баубек Бұлқышев бастаған Құтжанбай Ахметов, Шахмұрат Әшірбеков, Мұқан Балапанов, Хамимолла Жақсыбаевтардың ерлігі- біздерге үлгі. Көрсеткен ерен ерліктері еленіп өңірімізден аттанған майдангерлер ішінен 12 жауынгер Кеңес Одағы батыры деген жоғары атаққа ие болса, 6 ардагер Даңқ орденінің толық иегерлері атанды. Сұрапыл жылдары тылда еңбек еткен еңбеккер майдангерлерге де қолдау көрсетіп, «Майдан үшін», «Жеңіс үшін» деп ұрандап тайсалмай жанын салып еңбек етті. Сол жылдары Жезқазғанға Мемлекеттік Қорғаныс министрінің Қызыл туы 16 рет тапсырылды. Жеңісті жақындатуға тырысқан зиялы қауым өкілдері Жамбыл Жабаев бастаған ақын- жазушылар өз шығармаларымен өнер майталмандары оның ішінде театр әртістері қойылымдары мен әншілеріміз қазақтың маңдай алды қыздары Күләш Байсейітова мен Роза Бағланова әсем әнімен сарбаздарға рух сыйлады. Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім» өлеңінен күш жинап, қайраттанған сарбаздар «Жеңіс» деп ұрандап алға ұмтылды. Сұрапылда өз ерен ерлігін көрсете білген қазақ азаматтары Панфилов дивизиясының құрамында шайқасқан жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлы, Екі мәрте Кеңес Одағы батырын алған жалғыз қазақ ұшқыш Талғат Бигелдинов, партизандық қозғалыс өкілі, жазушы Қасым Қайсенов, минометші Кеңес Одағының батыры Қарсыбай Сыпатаев, қазақтың қос шынары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметовалар, Днепр үшін ұрыста 18 жасар ең жас қазақстандық Кеңес Одағы батыры атағын алған Жәнібек Елеусізов өр халықтың ұрпағы екенін дәлелдеді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз.

Ашық аспан, бейбіт өмір. Бүгінгі ұрпақ қазіргі тәуелсіз Қазақстан елінде алаңсыз өмір кешуде. Мұндай еркіндік бақытын адамзат тарихындағы ең жойқын күресте бесіктен белі шықпай еңбекке араласып, бұғанасы бекімей қолына қару алып, қасық қаны қалғанша күрескен аға ұрпақ, бүгінгі ұрпақ, бізге сыйлады.

Бүгінгі ұрпақ, біздер, бақыттымыз, өйткені, біз аталарымыз көрген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

азапты, қасіретті зұлат соғысты көрген жоқпыз. Майдангерлеріміз бұл жеңіс күнін біздерге сыйлады, келесі ұрпаққа жеткізу біздің парызымыз. Менің жазып, тоқталып өткенім біраз ғана, қаншама жерлестеріміз сұрапылда қаза тауып, қаншамасы хабарсыз кетті. Ендігі міндетіміз- жауынгер-жерлестеріміздің рухына бас иіп, құрметтеу, әр кезде еске алып жүру. Мен қайсар да, өр халықтың ұрпағы ретінде, болашақ өнер өкілі ретінде өз достарым мен замандастарымды бүгінде арамызда азайып бара жатқан Ұлы Отан соғыс ардагерлерін қадірін біліп, сыйлауға шақырамын.

Жакупова Жанель

5 сынып оқушысы, № 51 гимназия Астана қаласы
Жетекшісі: Муратова Индира Жаркынбековна

Кіріспе

Осыдан 71 жыл бұрын адамзат тарихында ең ауыр және қанды соғыстың соңғы оқтары атылды. Содан бері 1945 жылдың тоғызыншы мамыр жұртшылық жадында біздің халқымыздың ерлік үлгісі, мұқалмас қажырлығы мен мызғымастығының символы болып келеді. Отан қорғаушылар жасаған ерліктер мәңгілік және уақыт ағысымен жоғалып кетпейді.

1. Фашистік саясат

Адамзат баласының тарихында екінші Дүниежүзілік соғыс соңды болып көрмеген қантөгіс қырғын соғыстардың біріне жатады. Германия мемлекетінде 1933 жылы билікте Адольф Гитлер келеді. Содан бері онда фашистік саясат өзіне бағындырамын деді. Мемлекетте әскерін экономика дами бастады.

Мыңдаған танкілер, зембіректер шығарылды. Соғысқа 61 мемлекет қатысып, соғыс қырықтан астам елдеріен жер аймағында жүргізілді.

1939 жылы фашистік Германания Польша Мемлекетіне шабуыл жасады. Одан кейін Чехословакия мемлекеттін жаулап алды. Сол кезден Дүниежүзілік соғыс басталды деп саналды. Қалаларына бомбалар лақтырып, оларды қиратып тастады. Еуропа мемлекеттерінің халқын концентрациондық лагерьлерге жинады, ауыр жұмыстарға жұмсады, көнбегендерді өлтірді. Фашистер, адамзат, бұрын көрмеген, қаталдық көрсетіп, көптеген поляктарды, чехтерді, венгрлерді, француздарды, испандықтарды және тағв басқаларды, жазалап, өмірлеріне қауіп туғызды. Еуропаны билеп, Африка, Азия елдерін жаулап алды. Халықтарын өзіне бағындырды.

2. Отан соғысы

1941 жылдың жиырма екінші мамырында Кеңес мемлекетіне шабуыл басталды. Фашистер таңғы сағат төртте Брест қамалына кірді. Содан соң көптеген аймақтарды бомбылап өздерінің билегін орнатамыз деді, бірақ бұрынғы Кеңес халқы фашистерге тосқауыл қойды. Украиндіктер, белурустар, молдавандықтар фашистермен бірінші болып, соғыса бастады.

Ел басына қаралы күндер туды, сұм соғыс басталды. Кеңес халқы 1418 күн мен түн фашистермен соғысты. Өз елі үшін соғысты, өз елін қорғады. Аға ұртақтардың төзімділігі мен мен батылдығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Снорядпен оқтын ортасында кеудесімен жері мен біздің болашағымыз үшін ерлік пен батырлық көрсетіп, жан алысқан, жан беріскен. КСРО республикаларының бастаудық сүйгіш халқы қызыл тудың астында

бірігіп жаумен арпаласа түсті. Кеңес жауынгерлері мен адамдарының қайсарлығы арқасында жауға тойтарыс берілді. 1941 жылы Мәскеудің түбінде жауды тоқтатып, 1943 жылы Ленинградты қорғап, 1943 жылы курскі доғасындағы ақтық соғыста шайқасып, Украинаны, Беларусияны азат етіп, 1944жылғы шайқаста Шығыс Еуропа елдерін азап етіп, жылы Берлинді басып алды.

3. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысынды.

1939 - 1945 жылдардағы сұрапыл соғыс адамзат басында көптеген қиыншылықтар пен зардаптар әкелді. Соғысқа біздің елімізден де он бес миллиондаға жуық адам қатысты. Көбісі соғыстың басыннан алғына дейін болып, аман – есен еліне оралды. Қан майданында жүріп жан берісіп, жан алысып, өмір мен өлім белдескен. Күні – түні ұйқы көрмей қиыншылықтарға төзіп, ауыртпалықтардың бәріне шыдап, жеңісті күндерін көрсетті. Сол жылдарда жасаған ерліктері үшін Кеңес одағы бойынша 11600 жауынгер Кеңес одағының батыры атағына ие болса, соның ішінде Қазақстаннан барған 497 жауынгер Кеңес одағының батыры атанды. Олардың ішінде төрт жауынгеріміз екі реттен Кеңес одағының батыры атағына иеленді. Қазақ даласынан отанды қорғауға қатысқан жауынгерлердің ішінен 96638- і түрлі деңгейдегі ордендер мен медальдармен марапатталып жоғары құрметке ие болған. Бәрімізге белгілі 317 - ші Понфилов дивизиясы ерекше ерлік көрсетіп Москваны фашистерден қорғаған. Батыр ата Бауыржан, Әлия, Мәншүк, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бегильденов есімдері мәңгі жүрегімізде.

Қазақстандық жауынгерлер жарты Еуропаны жаяу шарлап, фашист жемдеттерінің апаны Берлинде Жеңіс жалауын желбіретті. Соғыс жылдарында Ақмолада жасақталған 29- шы дивизия Сталинград майданы мен Курск доғасындағы қарғын шайқастарда ерлік көрсетіп, кейінен Қызылтулы 72- ші гвардия атқыштар дивизиясы атанды. Бәрі дивизия жауынгерлері Молдавия, Румыния, Венгрия, Австрия елдерін басқыншылардан тазартып, соғысты Прага қаласында аяқтады. Оқтарға жұмсалатын қорғасының 85пайызын, мыстың 95% Қазақстанның түсті металлургиясы қамтамасыз етсе, бір ғана Қарағандының көмірі Қазақстанның түсті металлургиясы қамтамасыз етсе, бір ғана Қарағандының көмірі 34 млн. Тонна фронтқа жіберілген. Дикандырымыз астықпен қамтамасыз етсе, шопандарымыз ет, сүт және тағы басқа азық – түлікпен қамтамасыз еткен.

4. Ата даңқы – ұрпаққа үлгі

Жер ананың бетін жайпап өткен екінші Дүниежүзілік соғыстың аяқталуына 71 жыл толмақшы. Бұл қырғында 50 млн. астам аса қаза тапты. Қаншама қалалар мен ауылдар күлге айналып өртенді, қирады.

Біздер үшін жанын тиып, жалаң кеуделерін оққа тосқан, ер мінезді өжет бабаларымыздың алдыңғы жауапкершілік, тағзым болып табылады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Батырлық пен ержүректің символына айналған Ұлы Отан соғысының ардагерлері біздің өткен тарихымыздың баға жетпес құнды қазынасы.

Біз әрқашанда бейбіт аспан астында байрақты көк туымыздың желбіреуіне жауапты екенімізді ұмытпағанымыз абзал.

Жанел Дидар

10 сынып, №8 орта мектеп

Астана қаласы

Жетекшісі: Утепова Салиха Камбаровна

Қазақстандықтардың ерлігі

Менің тамырымда қазақтың қаны, жүрегімде қазақтың сезімі, санамда қазақтың ойы сайрап жатыр.

Менің ата –бабам сахара даланың төсінде өсіп, саф ауасымен тыныстанған, қыран құстай еркін , тұлпардай жүйріктігімен танымал, ерлігі дастандарда жырланып, батырлары еліне қамқор болған . Осындай батырлық пен ержүректілікті Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлік жасаған ата – бабаларымыз-дан да көреміз.

Соңғы деректерге қарасақ, Ұлы Отан соғысы жылдарында кеңестік республикалардан 27 миллионнан астам адам фашизмнің құрбаны болыпты. Бұл дегеніміз 27 миллион адамның арманы талқандалып, үмітін үсік шалды деген сөз емес пе? Осы миллиондаған халықтың ішінде 410 мыңдай қазақтың шығыны туралы ғана мәлімет берілген . Бірақ мұнда республикадан тыс жерлерден майданға аттанған қазақтар, еңбек армиясынан оралмай қалғандар, майданда алған жарақаттан қаза тапқандар туралы анықтама берілмеген. Қуғын –сүргіннен аман қалған қазақ зиялыларының майданға аттанып мерт болғандары туралы да нақты деректер жоқ. Бұлардың арасында Отанына адал қызмет етіп, елін, туған жерін көркейтуге үлес қосатын нағыз ғалым, ақын-жазушы, өнер адамдары мен қоғам қайраткерлері, жаңашыл жастардың мезгілсіз мерт болғанын білгенде өзегінді өрт өртейді. Тыныш жатқан бейбіт елдің мазасын алып , шырқын бұзған, өздерін басқалардан жоғары санаған, менменшіл, қанжүрек фашизмге лағнет айтқың келеді.

«Ер сын кезеңде сыналады» дегендей бейбіт өмір мен Жеңіс күнін көре алмай, ажалымен бірге арманын да өзімен бірге суық қабірге алып кеткен, ерлігі аңызға айналып, есімі тарихта өшпестей із қалдырған қазақстандық ата – бабаларымыз бен әже- апаларымыздың өмір жолдарын есте сақтау- жас ұрпақтың міндеті.

Шығыстың қос шынары атанған Әлия мен Мәншүк апаларымыз тірі қалғанда бірі ұлы дәрігер, бірі ұлағатты ұстаз болар еді ғой. Жаудан қорықпай қазаққа тән өршілдігімен аты аңызға айналған Төлеген Тоқтаров ағамыз өз қайсарлығымен басқаларға үлгі болып, қоғам, азамат алдындағы парызын орындайтын қазақтың ұлт перзенттерінің бірі болар еді. Өзін ұлы Шыңғысханның ұрпағымын деп сол кезде –ақ бар әлемге жар салған Баубек Бұлқышев өз туындыларымен қазақты әлемге танытқан ұлы жазушылардың

бірі болары ақиқат еді. Өзі ажал құшатынын біліп тұрса да, өз өлімін емес, елінің тағдырын ойлап, дұшпанның санын аз да болса азайтуды ойлаған, жау танкісінің үстіне ұшағын құлатқан Бақтыораз Бейсекбаевтың ерлігі де - қазақтың нағыз азаматтарының ержүректілігінің дәлелінің бірі.

Иә, осы аға-әпкелеріміз өздеріне Алланың берген өмірін жасағанда қазақты сол кезде –ақ дүниежүзіне танытып, әлемді дүр сілкіндіретін ұлы тұлға болары сөзсіз еді. Себебі бұл жандардың арманы асқақ, мақсаты биік, болашағы жарқын еді. Бұлар өз ата – анасын, бауырларын, туған жерін, халқын сүйген ұлтжанды өз елінің сүйікті перзенттері болған. Мәншүк те, Әлия да, Бақтыораз да- тағдырдың қатыгездігін жастайынан ерте сезініп, жетімдіктің ащы дәмін ерте көрген жандар. «Халық жауы» деген қара таңба бұлардың отбасын, бауырларын, өмірін күл-талқан етсе де, олар тек өздері үшін ғана емес,кешегі зұлымдықтың құрбаны болған ата- аналарының аттарын ақтап алу үшін, оларға Кеңес үкіметі тарапынан қиянат жасалынғанын дәлелдеу үшін әрқайсысы қан майданға өз еріктерімен, жүрек қалауымен аттанды. Өз елін, туған жерін, Отанын қорғау жолында олар ата – анасына жасалынған кешегі қиянатты әшкерелеп, шындықты дәлелдеу үшін күресті. Олар бар жоғы жиырмадан енді ғана асқан қырдың қырмызы қызғалдақтары мен иілмейтін елдің ерендері еді. «Отанына опасыздық жасаған ата – анадан» елін қорғайтын , еліне қорған болатын, қиындықтан қорықпайтын мұндай перзент тууы мүмкін еместігін батырларымыз өз ерлігі мен өлімі арқылы дәлелдеп көрсете білді. Мәншүк, Әлия, Тоқтар, Бақтыораз т.б.-өздерінің ғана емес, ата-аналарының да есімін ұлт есімінде мәңгі қалдырған қазақтың батырларының тұяғы, аттары аңызға айталған шежіресі бола білді.

Қазақ халқы соғыстың қасіретін тек майданда ғана емес, қазақ жерінде, тылда да көп қиындықтарды көрді. Азаматтары майданға аттанып, жұмыстың бәрі елде қалған еңкейген кәрі мен еңбектеген баланың еншісіне қалды. Әйелдер үйдегі бала тәрбиесін қарт енелеріне қалдырып, малдың соңында, егіннің басында күні- түні тыным таппай, үй бетін көрмей жұмыс істеді. Қарт әжелер де бос отырып әңгіме айтуға мүмкіндік болған жоқ, лыпылдаған шам жарығында жүн иіріп, шұлық, қолғап тоқып, тон тікті. Осы заттарды майданда жүрген жауынгерлерге жіберіп, өз перзенттерінің, өзгелердің амандығын, тілеуін тілеп білген дұғаларын оқыды.

Қазақ жеріне жау қолында қалған жерлерден көшірілген , майданға қару-жарақ, зеңбірек, оқтар шығарылатын кәсіпорындар мен өндіріс құралдары жеткізіліп, тылдағы ат төбеліндей қалған азаматтар мен нәзік жандылардың, ерте есейген , бірақ әлі бұғанасы қатпаған балалардың иығына түсті. Олар тәулік бойы жұмыс істеп, ұйқыдан, тамақтан, күлкіден қалса да, еңселерін түсірген жоқ. Себебі олар жасаған бір оқ -жау солдатын жер жастандыратын оқ, олар шығарған зеңбірек жау қолында қалған жерді азат ету үшін атылатын қару екеніне сеніммен бүкіл күш-қайратын жұмсады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Өздері қиындықтың қасіретін көріп отырса да, қазақ халқы өзінің қонақжайлық ақкөңілділігін, жанашырлық мейірімділігін жерінен пана іздеп келген басқа ұлт өкілдеріне көрсете білді. Тарыны бөліп, нанды үзіп, өз үйінің бұрышынан мекен, жүрегінен жылу берген қазақтың ұлылығына талай өзге ұлт өкілдері куә болып, өздеріне қамор болғандарға әлі күнге дейін өздерінің ризашылығын білдіруде.

Менің халқым - қиындықты да, қуанышты да өзгелермен бірдей бөлісетін, қайғысы мен қазасын қасіретке айналдырмай, келер күннен үміт етіп, өткен күнге шүкіршілік ететін халық. Олар ерлікті қан майданда ғана емес, өз атамекенінде де жүріп жасай білді. Қандай жағдайда да өзінің тектілігі мен тегін ұмытпаған халық ұрпағының болашағы мен келешегі үшін күресе алады.

Екінші дүниежүзілік соғыс- XX ғасырдағы болған ең үлкен қасіреттің бірі болды. Менің тілейтінім, менің ата- анам, халқым, болашақ ұрпақ, бүкіл әлем бұл қасіретті өз басынан екінші кешпесін. Барымызды аялап, барлығымызға шүкіршілік етейік. Халқының азаттығы мен болашағы үшін шаһит болғандардың рухына бас иіп, болашақты сақтандырайық. Ол үшін тарихымызды, болмысымызды ұмытпайық.

Жолдибекова Айзере

10- сынып оқушысы, Қазақ Ұлттық Өнер университеті

Астана қаласы

Жетекшісі: Тілеген Айгүл Балтабайқызы

Есімізде сақтаймыз, мақтанамыз!

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш, адамзат тарихындағы ең ірі жанжал, ең ірі шиеленіс! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал.

Сол бір сұрапыл қасіретті кезеңдерге көз жүгіртсек. 1941 жылғы 22 маусым - тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Жетпіс жыл бұрын осы күні Ұлы Отан соғысы басталды. Бұл сұм соғыс - тарихтың таңбалы тұсындағы ерліктің ерен шежіресі. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Олар көптеген қиындықты бастарынан өткізді. Сол кездері біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен еді. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында шығыстың қос шынары – мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Қан майдандағы қасап қырғыннан кейін үмітін үкілеген елге шексіз бақыт сыйлаған Ұлы Жеңістің 70 жылдығын тойлайтын күн де жақындап қалды. Бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Қан майдандағы кездерде қайратымен есте қалған ержүрек бабаларымыздың ерлігі ешқашан жадыдан шықпақ емес. Олар күн-түн демей Отан үшін отқа түсіп, жандарын пидә етті.

Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс адам баласының тарихында қайғы- қасіретімен есте қалды. Сол күні жау халықтың тәтті ұйқысын бұзып қана қоймай, бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Диханшы тракторден түсіп ,танкіге отырды. Ол

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын, оқымысты, ұстаз болуды армандаған еді...

Майданда да, тылда да есі жаңа кіріп келе жатқан жас баладан бастап, жасы жүзге келген Жамбыл атамызға дейін жауға қарсы майданға жаппай қатысты. Ленинград қаласына қауіп төнгенде Жамбыл Жабаев "Ленинградтық өренім" атты жүрек жарды, жалынды жырын майдандағы "жүзі басқа болғанмен жүрегі бір, тілі басқа болғанмен тілегі бір" жауынгерлерге жолдады.

От кешіп, қан жұтқан сол бір жылдар барған сайын бізден алыстауда. Майдан мен тылдың аты аңызға айналған ерлері барған сайын азая түсуде. Бірақ олар жасаған Ұлы ерлік ешқашан ұмытылмақ емес. Уақыт күн санап зымырап өтіп жатыр. Уақыт өткен сайын заман да өзгеруде, бірақ өткен өмір тарихы мәңгі біздің есімізде сақталуда. Ұлы Жеңіс бабаларымыздың биік патриотизм сезімі мен рух мықтылығымен келді. Біз, қазіргі заман түлектері, дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысын мәңгілік есте сақтауға міндеттіміз!

Жұмахан Шынар

10- сынып оқушысы, Қазақ ұлттық өнер университеті

Астана қаласы

Жетекшісі: Тілеген Айгүл Балтабайқызы

АРЫС – БАТЫРЛАР ЕЛІ

Болса егер менің саған керегім,
Күндерімді, түндерімді,
Ой толқынын, сыр толқынын
Саған ғана беремін!- деп Бауыржан атамыз

от-жалын кешіп жүріп айтқан сөзі, ерлікті, елдікті, отансүйгіштікті насихаттайды. Менде өзімнің батырлар қаласы атанған Арыс қаласынан алты бірдей Кеңес одағының батырлары- Бейсен Оңтаевтың, Берген Исахановтың, Садық Исмаиловтың, Нағи Ілиясовтің, Ережепбай Молдабаевтың шыққандығын мақтанышпен жеткіземін. Бүгінде Арыс ауданында көзі тірі сегіз ардагерлеріміз бар. Отан алдындағы борышын сақтап, қанды қырғын соғысты тұншықтырып ұрпағына бақыт әкелген ардагерлерімізге мың алғыс айтамыз.

Бұл жеңістің келе жатқан 71 жылдығы бәріміз үшін айтулы мереке. Бұл мереке әр кезде де батылдық пен сүйіспеншілікпен адалдықтың өлшемі. Ұлы Жеңіс күні-тек соғыс ардагерлерінің ғана емес, барша Қазақстандықтардың айрықша мерекесі. Бұл сұрапыл соғыста жанқиярлықпен ерлік жасаған, елі үшін жанын құрбан еткен бабалар рухына тағзым етудің қиян-кескі ұрыстан аман келген ата әжелерді құрметтеудің нағыз үлесі көрсетілетін күн. Ұлы Жеңіске жеткенімізге қаншама жылдар өтсе де, біз әлі күнге дейін Отан соғысы майданында қаза тапқандарды еске алып, олардың алдында басымызды иеміз. Осы батырларымыздың ерліктері біздің жүрегімізде мәңгі сақталады және фашизмді жеңген батырлардың өшпес даңқы да мәңгі жарқырап тұрады. «НАМЫС- азаматтың алтын туы»-деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтып кеткендей, біз яғни осы ХХІ ғасырдың жалынды жастары ұлы жеңістің оңайлықпен келмегендігін бойымызға патриоттық сезім арқылы жинауымыз керек. Жау қаһарынан қаймықпай ерлік көрсетіп елін, жерін қорғау дегеннің біз секілді нағыз ұрпақтың бойымызға сіңірудегі еңбектері орасан зор деп санаймын. Елі мен жерінің игілігі үшін басын оққа тіккен азаматтарды Отанға деген сүйіспеншіліктері жеңіс тұғырына жеткізгендігі ардагерлеріміздің арқасында екендігі белгілі. Бүкіл адамзаттың бейбіт өмір сүруі мен әлемнің тұтастығын қорғаудағы еліміздің тәуелсіздігі мен еркіндігі жолындағы ерліктерін қайтпас қаһармандығын мақтан тұтып, болашақ ұрпақ тыныштығы үшін жасаған ерліктеріне басымды иемін.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Бүгінде мен өзімнің туып өскен жерім Арыс өлкесінен шыққан сұрапыл соғыста жан аямай соғысқан батырлары мен ардагерлері туралы сөз етпекпін. «Ерлік- елге мұра» демекші менде осы ата-бабаларымыздың ерліктерінің құрметіне, еліме үлгі болатындай іс атқаратын боламын. Батырларымыз бен ардагерлеріміз тәу еткен елде бақытты балалақ балғын шағым өтіп жатыр.

Киелі Арыс, алтын сенің ошағың,
Алты бірдей арыстан ұл өсірдің.
Алты ұлың алды батыр атағын,
Даңқа бөлеп туған жерін Отанын.
Бейсен,Нағи,Садық, Берген,Ережеп,
Иван,Журба
Алты арыстан керемет.
Өжеттіктің, батылдықтың үлгісін,
Алтынмен жазған шегелеп.
Арыста тұр батырлардың алаңы,
Мақтаныштан жүректе от жанады.
Сол алаңда ерлігі тұр елімнің,

Даңқа бөлеп туған елді, қаланы... деп ақын ағамыз Мыңжасар Дәрменов өзінің өлең жолдарын арнаған болса, мен сол топырақтың жас буыны ретінде, орасан зор үлес қосқан Арыс қаласының батырлары мен ардагерлері туралы мақтанышпен айта аламын. Арыс өлкесінде орналасқан Батырлар алаңына келіп, аталар рухына деген тағзымымды қағаз бетіне түсірдім. Жалпы бұл Батырлар алаңы- барша халықпен жастарды өзінің патриоттық сезімімен баурайды. Мен сол Арыс өлкесінде мектеп кезінде оқып жүргенімде батырлар алаңының орны мен үшін бір бөлек сезілетін. Себебі, әр барған сайын қатарымен орналасқан батырлар ескерткіштеріне қарап, басқаша бір сезімде боламын. Жаңағы айтып кеткендей бұл батырлар алаңының ешқашан өшпейтіндей өзінің бір құдыреті бар деп сенемін. Болашақта тек сеніп қана қоймаймын, әрдайым осы Арыс қаласының батырлары мен жанқиярлық қанды төгіс соғыста елім, жерім деп соғысқан Ұлы Отан соғыс ардагерлерін мақтанышпен айтып жүремін. Әзірге көзі тірі сегіз ардагерлерімізге ел-жұрт үлкен құрметпен қарап, үкімет тарапынан көптеген көмектер де көрсетіліп жатыр. Қазіргі таңда Арыс қаласының халқы мен жалынды жастары батырлар алаңы арқылы батырларымызбен ардагерлерімізге тек құрметпен ғана қарап қоймай, өзінің қолдарынан келгенше көмектерін аямайды. Осы жылғы қысқы демалысымда, алтын бесігім Арысыма барған кезде, батырлар алаңының қазіргі жаңарған түрін көріп, қуанышымды қағаз бетіне түсірдім.

Жалпы бідің парызымыз- сұрапыл соғыстағы Жеңістің бізге қалай келгендігін ұғыну, қаза тапқандарды қадір тұтып, арамызда жүрген

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

ардагерлерге ұдайы қамқорлық көрсету. Бүгінгі жас буын, яғни біздер, Жеңіс жауынгерлері алдында мәңгілік қарыздармыз. Ең бастысы, осы ардагерлерімізге деген құрметіміз ешқашан өшпей және де сол кісілердің мына қазіргі біздің тәуелсіз өмір сүріп жатқанымызға әсері бар екенін ұғыну, ешқашанда ол кісілерді тек тоғызыншы немесе жетінші мамыр күндері ғана емес, әрдайым жадымыздың бір бөлшегінде сақтап, бұл күнге де оңайлықпен жетпегендігіміз туралы естен шығармау. Былтырғы ұлы жеңістің 70 жылдығы елбасымыздың тарихымызды ұлықтау, бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы ретінде атап өткізілген болатын. Ендігі мақсатымыз осы алда келе жатқан жеңістің 71 жылдығын да өте биік деңгейде, аса құрметпен өткізілсе ардагерлеріміз үшін, біз үшін де естен кетпейтіндей бір күн болар еді. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін ұмытылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмтылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі біз секілді ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге боларлық сабақ. Соғыста біздің ата-әжелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Ер есімі- ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді. Біз де өз аталарымыз бен әжелерімізді мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі әрине халқымыздың отанға деген сүйіспеншілігі, қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті қаншама жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстайтынымыз белгілі. Соғыс-жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмалап жұлатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар сол аталар мен әжелеріміздің ерлігін мақтаныш тұта бізге де жеткізді. Бұл қастерлі мейрамның мән мағынасын уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы біз секілді жаңа жас буынға ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық женген күн.

Мирас Гаухар

7-сынып, №51 гимназия, Астана қаласы
Жетекшісі: Муратова Индира Жарқынбекқызы

Отты жылдарды ұмытпайық

Дүниені дүр сілкінтіп, бейбіт жатқан дархан даланы от шарпытқан, ана мен баланы зар жылатып, өксігімен ел тұншықтырған, арлан азаматтарды туған ел топырағынан айырып, бөгде елде жер құштырған Ұлы Отан соғысының залалы әлі де жадымыздан өшкен емес. Бірімізге әке болатын, енді бірімізге ата болатын абзал аталар әлі күнге отты жылдарды күңірене еске алады, түсінде көріп жанталасады. Бірі майданда болып, қыршыннан қиылып жатқан бауырлардың қан жоса болғанын, бомбаның жарылысына тап болып күлінің көкке ұшқанын көріп көз жасын бұлайды. Енді біреулері бұғанағы қатпаған бала бола тұра аналар мен қарттар қатарында тылда еңбек етіп, бауырлар мен ел ағаларының аман- есен оралуына тілектес болды. Әлбетте, қазіргі жас ұрпақ бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз. Қазіргі тәуелсіз бақытты заман бірден орнай салмағанын біріміз біліп, біріміз білмей жатамыз. Отты жылдардың естеліктерінен сыр шерткен ата-әжелеріміз бен ата-аналарымыздың әңгімесі, болмаса қан майданда хатталып жазылған көне сары қағаздар мен кітаптар ғана бәз біреулерге ой салып, санасын қозғайды. Бұған құлақ асып, қайсар батырлардың жолын жалғауға уәде ететіндер, өздерінің ел қорғаны бола алатынына кәміл сенетін құрдастар мен замандастар қаншалықты көп екен деп ойланамын.

Менің анамның айтуы бойынша, оның нағашы атасы үш ағайынды болған. Олардың ең кішісі 17 жасар бозбала еді. Осы бір үйден кеткен үш азаматтың бірі де қан майданнан оралмады. Бір атаның ұрпағы түгелімен соғыстың құрбанына айналады. Ал өз жұрағаты бойынша, анамның әкесінің әкесі үш ағайындының бірі болып, соғысқа аттанады, бейтаныс елді мекеннен мәңгілік орын табады. Өзге аталар да хабар-ошарсыз кетіп, оралмайды. Елде еңіреп қалған анамның әкесінің анасы сол уақыттағы ашаршылық пен дерттің салдарынан көз жұмады. Бұл бір ғана менің ата-әжелерімнің басында болған қасіреттің бөлігі десек, тұтас қазақ елінің қайғысының қаншалықты қалың болғанын елестетудің өзі өте ауыр емес пе?

Соғыс даласындағы батыр бабаларымыз жандарын шүберекке түйіп жүріп, елдің азаттығы, болашақ ұрпақтың бейбіт өмір сүруі үшін күресті. Бұл сұрапыл жағдайдың қалайша болғанын қазақ халқының қаһарман ұлы - Бауыржан Момышұлы атамыз өз жазбаларына түсіріп жүрген. Оның:«... Ерлерді ел танысын деген мақсатпен «Жауынгердің тұлғасы» деген теманы қолдан келгенше жазып, тілдің жеткенінше айтып, қалам ұстаған жазушыларға көзбен көріп, қолдан өсірген, әрине, әскери мағынада ел азаматтары, жігіттер, жауынгерлердің, олардың әскери мамандықтары,

кәсіптерінің әр түрінен майдан-соғыс оқиғасына байланыстырып, болған ақиқат мысалдар келтіріп, аттарын қағаз жүзіне қалдырып, істерімен елді қысқаша таныстыру ниетімен, күнделікті дәптерге найзадан қол босаған кезде шала-шарпылау етіп, асығыста жазып жүргендерімнің бірнешеулері, осы одағай, көркемсөз түрінде сізге тарту болсын...» - деп жазып кеткен күнделік-естеліктерінің өзі біздей ұрпақтарына жарқын өмірді қадірлей білуді аманат еткендей. Әсіресе, Мәскеу түбіндегі қанды қақтығыстарды, Волоколомск тас жолы маңындағы шайқастарды өзге де жауынгерлермен бірге өткеріп, жаудың алқымынан алғанын жазып қалдырғаны атамыздан қалған баға жетпес мұра болмақ. Батыр бабамыз жеңіс күнін тойлап, артына өз заманының шындығын баяндайтын, ұрпағының талай ғасырлық ғұмырына татитын тау-тау өнегелі дүниелерді қалдырды. Біз осындай алыптардың ұрпағымыз деудің өзі қандай мақтаныш!

Жау жеңіліп, жауынгерлер елге оралғанымен ел жағдайы бірден оңалып кете алмағыны шындық. Соғыстан кейінгі ахуал, тұралап қалған ел экономикасы, саяси дағдарыс-әбден қажыған қазақ халқының дамуына, рухани кемелденуіне бірден мүмкіндік бере қоймаған. Нағашы әжемнің айтуынша, бір шыт көйлекті кеште жуып, таңмен киетіні, қараша мен желтоқсан айларында жалаң аяқ мал соңында жүретіні, үкіметтің малының сүтінен ұрлап сүт сауып ішетіні, ол сүтке бір уыс бидай бөртіп талғақ қылатыны, жылы үйдің жоқтығынан малмен бірге ескі тамды паналайтыны нағыз азапты күндер емес пе? Дәл осы сурет М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» повесінде айна-қатесіз баяндалады. Шығармада соғыс салдарынан аңырап, жетім қалған түрлі ұлт балаларының ауыр тағдыры, психологиялық жай-күйі, туған ата-аналарына деген сағынышы, ауылда бас көтерер адамдардың қарттар мен әйелдер болғандығы етене сипатталады. Автордың баяндауынша, ел басына туған қиыншылықты қабырғасы қайысып отырған қара халық бірлесе көтереді. Жетімектерді бауырына басып, жоғалтқан боздақтарының орнына келген өтеудей көріп, көңілдеріне медеу етеді, адамгершіліктерін жоғалтпай ата-аналық мейірімдерін төгеді. Неміс баласы Зигфридті бала етіп алған Ахмет шал образы арқылы қазақ азаматының кеңпейілдігін, мәрттігін автор тамаша сомдайды. Соғыстан орала бастаған мүгедек ерлердің адам шошырлық және аянышты кейпі жүректі сыздатады. Сондай-ақ, шығармада осы ерлерді көрісімен өз әкелерінің де балаларын ізеп жүруі мүмкін екенінен дәмеленіп, жолға шыққан Ертай мен Нұртайдың қайғылы қазаға ұшырауы да соғыс салған жараның тереңдігін дәлелдей түседі.

Мен бейбіт заманның ұрпағымын. Елімнің тәуелсіздігін паш ететін көк байрақ көгімде желбіреді, маңдайымнан еркелетіп алтын күн сүйеді, батыр ағаларымыз ел тыныштығын мызғымай күзетіп, қасқайып тұр. Бабаларымыз армандаған, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман осындай-ақ болған шығар. Жұлдызы жанған ұрпағының келбеті мендей және мен құралпы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

балалардай болған шығар. Биыл Ұлы Отан соғысының 71 жылдық мерейтойы аталып өтпек. Ендеше, күллі қазақ елі ұрпақтары болып, батыр аталарымыз бен апа-аналарымыздың алдында басымызды иетінімізді, оларды мәңгі құрмет тұтатынымызды сөзбен ғана емес іспен жеткізу парыз деп есептеймін. Кейінгі ұрпақтың болашағы үшін қасық қаны қалғанша күрескен, көзі тірі қарияларға қамқорлық пен мейірімді үйіп төгелік. Сондай-ақ, «Өлі риза болмай тірі байымайды» деген де өнегелі сөз бар. Бізден дәмелі бабалар рухына арнап құран бағыштауды міндет етелік. Осы орайда, көкірек көзі ояу дос-құрбыларыма Ә.Сәрсенбаевтың «Сен құрметте оны!» атты өлеңін қайталап оқуды ұсынудың өзі жеткілікті болар деген ойдамын.

«Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тіzedен кесіп аяғын.
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кеше елге қатер төнгенде
Ол жауға қарсы шапты,
Бізді жалмамақ болған ажалды
Өр кеудесімен қақты.
Ол арыстанша алысты,
Өлім соққысын өз үлесіне алды.
Денесін оқ пәршелесе де
Ел намысын қорғап қалды.
Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Сенің келешегің үшін берді ол
Азаттық, жолында аяғын!»

Бүгінгі ұрпақ шыныныда да бақытты. Біз Тәуелсіз елдің ұландары бейбіт елде өмір сүріп жатқанымызға қуанамын. Әлемде қаншама бала ата –анасыз, аштық та, үй-күйсіз соғыс зардабын әлі де көруде. Бүгінгі бейбіт заманның өзінде Ирандағы, Украина, Түркия, Сириядағы жағдайлар әрбір адамға ой салары сөзсіз. Біздің елде жүз отыздан астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір шыңырақтың астында тату- тәтті өмір сүруде. Еліміздегі бейбітшілік пен ынтымақ ұзағынан болсын.

Биыл Ұлы Отан соғысының 71 жылдығын және Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын атап өтеміз. Еліміздің Тәуелсіздігі баянды, ғұмыры ұзағынан болсын. Соғыс атын естіп, ана мен бала жыламасын.

Төлепбекова Аружан

5 сынып оқушысы, № 51 гимназия Астана қаласы
Жетекшісі: Муратова Индира Жаркынбековна

Мазмұны

1. «Ұлы Отан соғысы» ұғымы
2. Ұлы Отан соғысының тарихы
3. Ұлы Отан соғысына 71 жыл
4. Қорытынды

1.«Ұлы Отан соғысы» ұғымы

«Ұлы Отан соғысы» ұғымы 1941 жылғы шілденің 3-інде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. «Ұлы Отан соғысы» сөз тіркесі көптеген басқа тілдерде де қолданылады (орыс. Вели́кая Оте́чественная война́, ағылш. Great Patriotic War, нем. Großer Vaterländischer Krieg), кейбір авторлар «Екінші Дүниежүзілік соғыстың шығыс майданы» деген сөз тіркесін қолданады (бұл Германия қолданған «шығыс майдан» деген ұғымға жақын).

2.Ұлы Отан соғысының тарихы

Биыл Ұлы Жеңіске 71 жыл. 9 мамыр - Жеңіс күнінің қарсаңында Ұлы Отан соғысының тарихына шолу жасайық.

30-жылдардағы әлемдік дағдарыс көптеген мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және халықаралық қатынастарын шиеленістірді. Бұл жағдай әлемдік билікке талпынған күштердің пайда болуына жол ашты. Осындай күштердің ішіндегі ең қауіптісі – Германияда орнаған фашистік тәртіп болды. Батыс мемлекеттері тарапынан ұйымдасқан қарсылықтың болмауы фашистік агрессияның күшеюіне жол ашты. 1937 жылы фашистік мемлекеттер – Германия мен Италияның милитаристік Жапониямен әскери-саяси одақ құруы екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына алып келді.Екінші Дүниежүзілік соғыс 1939 жылы Германияның Польшаны жаулап алуымен басталды.

1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия әскері Кеңес Одағына тұтқиылдан, соғыс жарияламастан басып кірді. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысы, яғни Отанын шетел басқыншыларынан азат ету соғысы басталды. Кеңестік әскери күш бейбіт уақыт жоспарына сай орналасқандықтан, соғыс қимылдары басталған территорияға тартылуы барысында, жау соғыстың алғашқы бес айында мемлекеттің 5% халқы тұратын аудандарын жаулап алды.

Осыған қарамастан шекарашылар, олардың қатарында Брест қорғаушылары алғашқы ұрыстың өзінде теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Брест шекаралық отряды жауынгерлердің құрамында жаудың алғашқы соққысына А.Мүсірепов, В.Лобанов, К.Абдрахманов, К.Иманқұлов, А.Наганов, Ғ.Жұматов, Ш.Шолтыров, Т.Деревянко, Қ.Батталов және басқа қазақстандық

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жауынгерлер қарсылық көрсетіп, айрықша ерлікпен көзге түсті. Панфиловшы аға лейтенант Б.Момышұлы Мәскеу түбіндегі шайқаста өз батальонымен жау қоршауын үш рет бұзып шықты. Соғысты Б.Момышұлы полковник лауазымымен, 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады. Белгілі орыс жазушысы А.Бектің “Волоколамское шоссе” повесі Б.Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігіне арналды. Сөйтсе де, Б.Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігі өз дәрежесінде мойындалмай, тек 1990 жылы еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей араласуымен, оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ұлы Отан соғысына тартылған қазақстандықтар санына тоқталайық. Соғыстың алдында Қазақстанда 6,2 млн. адам тұрды. Соғыс жылдары қолына қару алып, майданға 1,9 млн. адам аттанды. Сталиндік тәртіп 1916 жылғы патша үкіметінің тәжірибесін пайдаланып, арнайы құрылыс батальондарын да құрды. Бұл батальондар Орта Азия және Қазақстанның жергілікті халқынан және құғын-сүргінге түскен халықтардан жасақталды. Қазақстаннан әскери комиссариат арқылы еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді. Олар соғыс шебіне жақын аудандарда оқ астында қорғаныс объектілерінде еңбек етті. Осылайша әрбір төртінші қазақстандық қорғаныс және майдан объектілеріне тартылған.

Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза болған қазақстандықтар санына байланысты түрлі пікірлер бар. Кейінгі жылдардағы мәліметтерде соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601 000-ға дейін жетіп отыр, оның 350 мыңнан астамы қазақтар. Бұл қолға қару алып, ұрыс даласында қаза тапқардардың саны. Егер осы тұстағы халықтың жалпы саны мен соғыста қаза тапқан өкілдердің санына шағатын болсақ, қазақтардың шығыны көршілес өзбек, татар, азербайжан, грузиндерден анағұрлым жоғары. Кеңестер Одағының құрамдас бөлігі ретінде жаумен шайқаста қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетіп, жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты. Майдандағы ерлігі үшін 520 қазақстандықтың, оның ішінде 100-ден астам қазақтың Кеңес Одағының Батыры атағын алуы – ортақ Отанын қорғауда қазақ ұлтының суырылып алға шыққанын көрсетеді.

3. Ұлы Отан соғысына 71 жыл

Шүйінші,	халқым,	шүйінші!
Шүйіншіге		сүйінші!
Шаттан,		ата-анамыз,
Шаттан,		аға-бабамыз,
Кек	қайтарып	фашистен,
Соғыс	бітті	жеңіспен,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жеңдік
Жасалсын той-мереке.

жауды

күресте

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл өтті. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пайда еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Әйтсе де, Баубек пен Бауыржан батырлығы, Әлия мен Мәншүк ерлігі, Қаныш пен Әлкей білімі, Мұхтар мен Ғабит, Ғабидендердің үні, Дінмұхаммедтің парасаты – бүгінгі біздерге өнеге. Олардың өнегелі өмірлерін жас ұрпаққа жан-жақты насихаттау, таныстыру кітапхана қызметкерлерінің міндеті. Қазіргі таңда біздер осы Жеңіске қалай жеткеніміз туралы ақпарат алып, аға-апаларымыз жасаған ерлікті естен шығармауымыз керек, енді ешқашан соғыс болмасын деген ұранмен жүруіміз керек. Кітапханаларда соғыс жылдары басылған кітаптар үлкен қызығушылық тудырды. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың қосқан үлесі, олардың батырлық ерліктері туралы материалдар, сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, қазақ батырларының қаһармандықтарын баяндайтын кітаптары көбірек оқыған жөн.

4.Қорытынды

Өмір мен өлім арпалысқан қанқұйлы соғыстың жеңіспен аяқталуына үлес қосқан майдангерлер өнегесі ұрпақтан –ұрпаққа үлгі болып қала бермек. Біз әрқашан аталарымыздың ерлігін мақтан етеміз. Ардагер аталарымызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін.

Соғыс туралы тек үлкендердің аузынан естіп өсіп келе жатсам да, Жеңіс күні біз үшін үлкен мереке. Өйткені Отан қорғауда қанша аталарымыз мерт болды. Сол батырлардың жан беріп, жан алысқанының арқасында біз осындай бейбіт күнде өмір сүріп жатырмыз. Бақытты заманның ұрпағы екенімізді мақтан етемін.

Шерубай Майра

10 сынып, №8 орта мектеп Астана қаласы
Жетекшісі: Утепова Салиха Камбаровна

Қазақ батырлары

Біз солдаттың немересіміз,
Кеш келдік мына жарқын қоғамға,
Жүрілмеген жатыр қанша жол алда.
Біз көбіміз атамызды білмейміз,
Біздер жайлы түк білмейді олар да.

Иә, біз соғысты көрген жоқпыз. Соғыстың қасіреті мен қайғысын, жау зеңбірегінің жарылысы мен сол зеңбіректен жасырынған балалардың үрейлі жанарын, жаралы жауынгердің азабы мен жауған оқтың астынан жаралы әскерді алып шықпақ болып, дәрмені жетпей шарасыздықтан жылаған бүлдіршін қыздың жан қиналысын да көрген жоқпыз. Қан майданның қақ ортасында болған аталарымыз бен апаларымыздың даңқын, ерлік істерін біздер тек тарихи кітаптар мен көркем туындылардан ғана білеміз.

Қанды қырғынның ортасында жүргенде қалай ерлік жасасам екен деп ешкім де ойламайды. Адам ерлікті атын шығару үшін емес, жүрек қалауымен, адал сезіммен істейді. Соғыс кезінде ата –бабаларымыз бен аналарымыз атақ, даңқ үшін емес, елін, жерін, туғандарын қорғап, жанындағы жолдастарына қорған болуды ғана ойлады. Өзінің емес, өзгенің бақытын, өзгелердің амандығы үшін күресті. Сонда ғана жеңіске жетіп, жеңілмеудің жолын таба білді. .

Мен өз шығармамды кезінде ерлігі ескерілмей, басқа біреудің атына таңылып, жылдар бойы атақ пен даңқы басқа жауынгерлерге теңіліп, нағыз ерлік жасаған қазақ батырлары туралы жазғым келді. Бұл сол кездегі саясат па, жоқ қазақтың ерлігі мен батылдығын көре алмаған солақай көзқарас па, әлде қазақты төмен санаған қағида ма, соны түсіне алмадым. Бірақ түсінгенім, Сталиндік саясаттың қазақтың зиялылары мен бетке тұтар «қаймақтарын» қырғынға ұшырату жолында қалай күш жұмсаса, қазақтан шыққан батыр ұландар мен биязы қыздарының Ұлы Отан соғысы жылдарында жасаған ерліктерін бұрмалау үшін де солай күш жұмсағанын байқадым.

Жасаған батырлығы кезінде бөтен адамның ерлігі саналып, ақиқат тек соғыстан 10 жылдан кейін ашылған, бірақ саясаттың үкімімен шындық жарияланбай , аты көмескіленіп келген қазақ батырының бірі- ұшқыш кіші сержант ,Алматы облысының тумасы, Бақтыораз Бейсекбаевтың есімі тек тәуелсіздік алғаннан кейін мәлім болғанын біз соңғы жылдары ғана біліп отырмыз.

Ата –анасынан жастай айырылған Бақтыораз балалар үйінде тәрбиеленіп тағдырдың қиындығы мен қатыгездігін ерте сезінген. «Халық жауының» баласы деген қара таңба тағылса да, соғыстың алғашқы күндері-ақ қан майданың ортасында болған.

1941 жылы А. Маслов пен Н. Гастелло басшылық еткен ұшақ әуеге көтерілгенімен, екеуі де жау оғынан отқа оранады. Н.Гастеллоның ұшағы жерге құлап, бәрібір өлетінін білген А.Маслов ұшағын жау танкілеріне бұрып, жау техникасының үстіне құлайды. Бірақ бұл ерлікті Н.Гастеллоның ерлігі деп, нағыз ерлік жасаған жауынгерлердің аты аталынбайды. Тек 1951 жылы ұшақ экипажы жерленген қабір, ескерткіш орнатпақ болып, қайта қазылғанда ғана шындық әшкере болады. Жер қойнауында жатқан әскерлердің біріне, Алматы жерінің тумасы Бақтыораз Бейсекбаевқа, тиесілі заттар да болады. Бірақ өз қателігін мойындауға батылы бармаған үкімет басшылары «қазанды жабулы күйінде» қалдырады. Неліктен олай болғанын түсіне берсек те болады, бұл аты аңызға айналған Гастеллоның атағына қарсы келмеу ғана емес, ерлік жасаған экипаждың ішінде қазақ ұланының болғанын мойындағысы келмегендігі да себеп шығар.

Бұл ақиқат тек 1996 жылы ғана нақты анықталып, А.Масловтың экипажының барлық мүшелеріне Ресейдің Батыры атағы берілді. Қазақ батыр ұлының есімі мен ерлігін қазақ халқына жеткізген ұлт жанашырларының еңбегінің арқасында Бақтыораз Бейсекбаевқа Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен «Халқы Қаһарманы» атағы беріліп, Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлік көрсеткен қазақ батырының саны көп болғанын дәлелдейді.

Осылай ерлігі ескерілмей, атағы аталынбай, даңқы толық еленбеген, Жеңістің туын жау Рейхстагына өз қолымен тіккен, дұшпанды тізе бүктіруге үлкен үлес қосып, Екінші дүние жүзілік соғыста Кеңес Одағының жеңіске жеткенін мәлім еткен Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі де нақты көрсетілмей, батырлық, ерліктің атағы басқа ұлт өкілінің атына танылғанын қазіргі кезде біздің біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Себебі бұл ақиқат та бұрмаланып келгенін енді біліп отырмыз. Батыр атағына лайық болған атамыз Қызыл туды Рейхстаг төбесіне тігу үшін қарша бораған оқтың астында 7 сағат жерге жабыса еңбектеп жеткен екен. Бірақ осы ерлігі үшін Рақымжан атаға «Қызыл Ту» ордені ғана беріліп, Батыр атағын грузин ұлтының өкілі Кантария мен ұлты орыс Егоровқа беріліпті. Ал олар туды тек ертесі күні, тыныштық орнай бастаған кезде тіккендері туралы мәліметтер кезінде жазылмаған да, айтылмаған да. Бұл сондағы солақай саясаттың әдейі істеген бағыты, қазақ халқын төмен санаған көзқарасының бірі еді.

Бірақ әділдік 2001 жылы орнап, Жеңіс туын жау ордасында желбіреткен Рақымжан Қошқарбаевқа «Халқы Қаһарманы» атағы атамыздың ұрпақтарына табыс етілді. Ер жүрек қаһарман бұл атақты өзі көре алмай

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

кеткен болатын, себебі атамыз 1988 жылы қайтыс болған еді. «Шындық иіледі, алайда сынбайды» дегендей, әділдіктің ақ таңы ұрпақтарына тағы да бір қазақ батырының есімін әлемге танытты.

Ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен су кешкен қайғылы қара түнек 1418 күн мен түн – бұл қасірет пен қайғының, өлім мен өмір арасындағы арпалыстың 1418 күні мен түні болған. Осы қара түнектің бел ортасында жүрсе де, өзінің әділдігі мен шыншылдығымен, жолдастары мен жауынгерлеріне әрі дос, әрі қамқор аға, әрі әділ қолбасшы, әрі қарапайым жауынгер бола білген Бауыржан Момышұлының есімін ерекше атап өтсек, келер ұрпаққа тағы да бір шындықты жеткізген боламыз.

Бауыржан атамыз -майдан заңынан гөрі адамгершілік заңын бірінші орынға қойған жауынгер әрі батыл да қайсар ұлтымыздың ұлы перзенттерінің бірі. Басқа командирлер қолбасшылардың орынсыз бұйрықтарын орындау мақсатында талай әскерін қанды қырғынның ортасына ойланбай, дұрыс шешім қабылдамай жіберетін болған оқиғалар туралы көптеген мәліметтер анықталған. Қолына жай мылтық берілген әскерлер темір танкіге қалай шабуыл жасап, қалай жауды тойтаратыны туралы ойлануға мұрша бермеген. Міне, соғыста кеңес жауынгерлерінің көптеп шығынға ұшырағанының бір себебі де осында. Бауыржан атамыз қатал тәртіптің ғана емес, дұрыс шешім қабылдай алатын командир болғанын да көреміз. Жанындағы жауынгерлерін аман алып қалу жолында орынсыз бұйрықтарды орындамаған, жауға тойтарыс берудің тактикасы мен әдістерін дұрыс ойластырып, дұрыс шешім қабылдауда өзгелерден ерекшеленген. Себебі Бауыржан атамыз үшін жанындағылар жай жауынгерлер емес, олар елінде күткен біреудің аяулы жары, біреудің қамқор әкесі, біреудің сүйікті перзент екенін сезінген. Ол жауынгерлердің ғана емес, оларды елінде күтіп отырған жандардың да үмітін үзіп, арманын баянсыз қалдырғысы келмеген.

Талай рет жау шебін бұзып, талай қала мен деревняны азат еткен Б.Момышұлының басшылық еткен полктің даңқы, командирі мен жауынгерлердің де ерлігі жоғары жаққа жетсе де, ол кісігі Кеңес Одағының Батыры деген атақ берілмеген. Менің білуімше, Б.Момышұлына осындай атақ беру үшін үкіметке екі рет ұсыныс жасалынып, екі рет те кері қайтарылған екен.

Бауыржан атамызға Батыр атағын алғаннан гөрі өз жауынгерлері мен халқының ризашылығы абзал болған. Өзінің тік мінезі мен қайтпас қайсарлығын даңқын, атағын шығару мақсатында емес, еліне, халқына қамқор болу мақсатында көрсеткен қазақтың батыр перзенті бұл атаққа тек 1990 жылы қайтыс болғаннан кейін ие болды. Қазақтың халқы қаһармандарының саны тағы да батыр атағына ие болған ұлт перзентінің санына көбейді.

Бұл дегеніміз - Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақ ұлтының өкілі 97 емес, одан да көп болғанының айғағы. Бірақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

олардың ерлігі ескерілмей, даңқы еленбей қалған. Ал олардың ерлігі мен батырлығын зерттеу, келер ұрпаққа жеткізу- біздің парызымыз. Себебі, қазақ халқы - батырлық пен ерліктің, азаттық пен еркіндіктің қадірін білетін, қасиетін ардақтайтын халық.

Ұлы Отан соғыстың басталғанына 75 жыл және Ұлы Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында ұлтына, ұлысына, нәсіліне қарамастан Отанын, туған жерін жаудан қорғап, адамзатты фашизмнің шеңгелінен азат етуде ерен ерлік жасаған халқымыздың батырларын, қан майданның ортасында болып аты аталмаған, ерлігі ескерілмей қалған бабаларымыздың, өз өмірін біздер үшін құрбан етіп, белгісіз әскер қабіріне жерленген аталарымыздың рухын ардақтап жүру- біздің , тәуелсіздікте өмір сүріп қазіргі ұрпақтың, негізгі де міндетті парызы. Себебі өзі елінің тарихын, өз халқының өткенін , ерлік жолында мерт болған аталарының есімін білу- өзімізді білу, өзгені құрметтеу.